
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 1-19


**ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ
Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Алматы
 2023 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-19


АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы №_4__хаттама, № 4 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** № 3 баспаның орнына «31» 10.2022 ж.
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3-19

Мазмұны

1. Қолдану саласы	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Пайдаланылған қысқартулар.....	5
4. Терминдер мен анықтамалар.....	5
5. Жалпы ережелер	7
6. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі.....	7
7. Аттестаттау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру тәртібі.....	9
8. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаларды (шығармашылық жобаларды) қорғау тәртібі.....	11
9. Қорытынды аттестаттаудан өтпегендер.....	13
10. Апелляция.....	14
Келісу парағы.....	15
Қосымша 1.....	16
Қосымша 2.....	18
Танысу парағы.....	19

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 4-19


ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ
 Ғылыми кеңесінің шешімімен
 бекітілді «30» қараша 2023 жыл
 №4 хаттама

1. Қолдану саласы

- 1) ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы осы ереже (бұдан әрі-ереже) Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу жөніндегі жұмыстың тәртібі мен ұйымдастырылуын белгілейді.
- 2) Осы Ереженің талаптары ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі - Академия) барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.
- 3) Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйелеріне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынылуға жатпайды.
- 4) Осы Ереже мемлекеттік тапсырыс бойынша және Академияның шарттық негізінде білім алушылар үшін қорытынды аттестаттауды өткізу рәсімін регламенттейді.

2. Нормативтік сілтемелер

- Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:
- 1) Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III "білім туралы" Заңы;
 - 2) "Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ережені" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысын енгізу туралы;
 - 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
 - 4) Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
 - 5) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
 - 6) "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-І Қазақстан Республикасының Заңы;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-19

7). ҚР МАМ " Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы " РММ жарғысы;

8). ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының" РММ студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережелері",

9) ҚР МАМ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы "РММ 2023-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы

3.Пайдаланылған қысқартулар.

ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі

ҚР МАМ - Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі

МЖМС- мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

ББ - Білім беру бағдарламасы

ЖОЖ-Жеке оқу жоспары

ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары

ҚА- Қорытынды аттестация

КЕ- Кешенді емтихан

GPA-Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average)

ОТ-Офис тіркеуші

4.Терминдер мен анықтамалар

1) **академиялық кезең**– (Term) (терм) - білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі:семестр, триместр, тоқсан;


2) **академиялық кредит** - білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

3) **Академиялық күнтізбе** - (Academic Calendar) (академик күнтізбе) – демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі);

4) **білім алушының академиялық рейтингі** - (**Rating**) (**ретинг**) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

5) **бакалавриат**- кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

6) **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**- халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін баллдардағы білім деңгейін бағалау жүйесі;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 6-19

7) **дескрипторлар (descriptors (дескрипторлар))** – оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін білім алушылардың алған білімінің, машықтарының, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттау;

8) **дипломдық жұмыс**– білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті проблеманы студенттің (бұдан әрі-студент) өз бетінше зерделеуі нәтижелерін қорытуды білдіретін бітіру жұмысы;

-дипломдық жоба- жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттердің өз бетінше шешімін білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

9) **жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ)** - білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әрбір оқу жылына өзі дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

10) **кредиттік оқыту технологиясы**-білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді таңдауы және оларды өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту;


12) **модуль**-білім алушылардың алған білімдері, біліктері, дағдылары, құзыреттері және бағалаудың барабар критерийлері нақты тұжырымдалған білім беру бағдарламасының дербес, оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған құрылымдық элементі;

13) **модульдік оқыту**-білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

14) **білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау** - академиялық кезең ішінде сабақ кестесіне және (немесе) кестесіне сәйкес оқытушы жүргізетін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын жүйелі түрде тексеру;

15) **транскрипт - (Transcript)** - дипломға қосымша болып табылатын және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесі бар құжат;

16) **оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі-ОЖЖ)** - білім беру бағдарламалары мен студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО-лар дербес әзірлейтін оқу құжаты;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7-19

17) **үлгерімнің орташа балы** - (Grade Point Average - GPA) - аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттауды бағалау балдарының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы ретінде таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылы ішінде айқындалатын білім алушының оқу жетістіктерін орташа өлшемді бағалау;

18) **элективті пәндер** – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

19) **емтихан сессиясы** - білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі

20) **білім алушылардың оқу жетістіктері**-білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері;

21) **білім алушыларды қорытынды аттестаттау - (Qualification Examination)** – тиісті деңгейдің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және оқу қызметінің өзге де түрлерін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім білім беру;

5. Жалпы ережелер

5.Осы Ереже академияда білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін айқындайды.


6. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін және меңгерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

6. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі

7. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау ҚР МЖМС белгіленген нысандар бойынша өткізіледі, олардың ұзақтығы мен өткізу мерзімі академиялық күнтізбеде және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында көзделген.

8. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау нысанында өткізіледі. Бұл ретте дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына келесі санаттағы тұлғалар үшін екі кешенді емтихан тапсырылады:

- 1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделіп жатқандарға;
- 2) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8-19

3) жүкті немесе 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуші;

9. Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушы Академия ректорының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады. Дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны қосымша кешенді емтихан тапсыруға ауыстырудың басқа жағдайларына жол берілмейді.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

10. Кешенді емтихан бекітілген бағдарлама көлемінде ауызша нысанда өткізіледі және үш сұрақтан тұратын билет бойынша жауапты білдіреді. Әр сұрақ жұмыс оқу жоспарының жеке пәні бойынша жасалады. Бітіруші кафедра бакалавриаттың ББ бойынша-пәндердің жұмыс бағдарламалары негізінде сұрақтарды (ауызша) әзірлейді;


11. Кешенді емтихан тапсырылатын пәндер тізбесі және қорытынды аттестаттаудың орындаушылық шеберлік бағдарламасы факультеттің Ғылыми кеңесінің ұсынысы негізінде Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

12. Кафедраның ББ бойынша шығармашылық жобаның тәртібін, мазмұнын Академияның Ғылыми кеңесінде дербес анықтайды және бекітеді.

13. «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау нысаны оқу жоспарының пәндері бойынша шығармашылық (тәжірибелік) көрсетілім нысанында (спектакль, музыкалық туындыларды орындау, моносспектакль және т.б.) өткізіледі. Өйткені осы ББ оқыту нәтижелері мен кәсіби құзыреттері қолданбалы тәжірибелік сипатқа ие болуда.

14. «Кескіндеме», «Мүсін», «Графика», «Дизайн», «Сәндік өнер», «Сән және костюм дизайны», «Режиссура», «Операторлық өнер», «Анимация режиссурасы», «Аудиоөндіріс», «Сценография», «Хореография педагогикасы», «Балетмейстер өнері», «Эстрада өнері», «Дәстүрлі музыкалық өнер» т.б. ББ практикалық бөлімнен тұратын шығармашылық жобаны дайындайды және қорғайды (бейне-аудио өнім, суреттер көрмесі, коллекциялар көрсетілімі және т.б.) және теориялық бөлімі (25-30 бет жобаға түсіндірме жазба) жазбаша түрде дайындалады. Кафедраның дипломдық жобасының құрылымы, мазмұны және оған қойылатын талаптар Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне сәйкес дербес анықталады.

15. «Өнертану», «Арт-менеджмент», «Медиа-журналистика» білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау нысаны ғылыми-зерттеу сипатындағы дипломдық жұмысты жазады және қорғайды (50-60 бет).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 9-19

16. Қорытынды аттестаттауға ҚР МЖМС, оқу жұмыс жоспары, жеке оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

17. Білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспары, жеке оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптарына орындамаған бітіруші курстың білім алушысы жазғы семестрден өтпей-ақ қайта оқу курсына қалдырылады.

7. Аттестаттау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру тәртібі

18. Академияның оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі ағымдағы оқу жылының 1 қарашасына дейін білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға (дипломдар мен қосымшалар) Банкноттық фабрикаға тапсырыс береді.

19. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін жоғары білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - АК) құрылады.

АК құзыретіне мыналар кіреді:

1) бітіретін мамандардың теориялық және практикалық даярлығының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

2) кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.


20. АК төрағасы мен құрамы ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірмей академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде академия ректорының бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде әрекет етеді.

21. Аттестаттау комиссиясының құрамына оның мүшелерінің құқықтары негізінде: факультет деканы, бітіруші кафедраның меңгерушісі кіреді. Қорытынды аттестаттау комиссиясының қалған мүшелері бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін жетекші профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

22. АК сандық құрамы 5 адамнан кем емес кафедра ББ бағдарламасы бойынша бітіруші студенттер (білім алушылар) контингентіне сәйкес айқындалады.

23. Қорытынды аттестация кестесін оқу үдерісін үйлестіру бөлімі жасайды және оны оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор бекітеді. ҚА басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей емтихан кестесі академия сайтына ілінеді.

24. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу 30-тармақтың негізінде ресімделеді, Осы Ереже мен факультет деканының қызметтік жазбасы қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 10-19

білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты, мамандықтары (білім беру бағдарламалары) көрсетілген тізімдік құрам түрінде ресімделеді.

25. Қорытынды аттестаттау күні АК-на офис – тіркеуші бөлімі ұсынады:

- 1) барлық оқу кезеңінде үлгерімнің орташа балының (GPA) шамасын есептейтін жиынтық тізімдеме;
- 2) бітіруші кафедраның білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрығының көшірмесі;

26. Бітіруші кафедра дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей АК-ға ұсынады:


- 1) «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелді қорытынды берілетін дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісінің пікірі»;
- 2) қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) жан-жақты сипаттамасы берілген дипломдық жұмысқа (жобаға) рецензия.
- 3) бітіруші кафедраның қорғауға ұсыным беру туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасынан үзінді көшірме);
- 4) дипломдық жұмысты (жобаны) плагиат мәніне тексеруден өткені туралы анықтама (еркін нысанда).

27. Қажет болған жағдайда АК-ға орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын материалдар, ресми емес пікірлер, дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша қорытындылары, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, материалдардың, бұйымдардың, костюмдер коллекцияларының үлгілері және т. б. ұсынылады.

28. АК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

29. Кешенді емтихан пәндердің оқу бағдарламалары негізінде кафедра әзірлеген бағдарлама бойынша өткізіледі. Кешенді емтихан бағдарламасы академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

30. Білім алушы дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны (шығармашылық жобаны) ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған жағдайда қорғайды. Дипломдық жұмысқа (жобаға) пікірді ғылыми жетекші жазады. Дипломдық жұмыс (жоба) мақұлданған жағдайда жетекші оған қол қояды және қорғауға жіберу туралы өзінің жазбаша пікірімен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады. Диссертация мақұлданбаған жағдайда, ғылыми жетекші дипломдық жұмысты қорғауға жібермеу туралы шешімін пікірде негіздейді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 11-19

31. Білім алушы рецензенттің оң және теріс қорытындысы болған жағдайда да дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберіледі.

32. Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға бейін бойынша оқытушылар және (немесе) мамандар жетекші бола алады, дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде тақырыпты көрсете отырып, әрбір білім алушыға академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

33. Дипломдық жұмыстардың, дипломдық жобаның (шығармашылық жобаның) рецензенттері жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетіле отырып, кафедра меңгерушісінің ұсынуы бойынша жалпы тізіммен Академия Ректорының бұйрығымен бекітіледі. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны (шығармашылық жобаны) рецензиялауды ұйымның немесе біліктілігі қорғалатын дипломдық жұмыстың, дипломдық жобаның (шығармашылық жобаның) бейініне сәйкес келетін академияның басқа кафедрасының сыртқы мамандары жүзеге асырады.


34. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаларды (шығармашылық жобаларды) қорғауды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық даярлық деңгейін, сондай-ақ ғылыми жетекшінің және рецензенттің пікірін ескере отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады.

35. Екі кешенді емтихан тапсыруды немесе дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны (шығармашылық жобаларды) қорғауды қорытынды аттестаттау нәтижелері олар өткізілген күні АҚ отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін жарияланады.

36. Аттестаттау комиссиясының барлық отырыстары хаттамаланады. Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі: «Бітіру жұмысын қарау жөніндегі аттестаттау комиссиясының отырысы» хаттамасы (1-қосымша), кешенді емтихандарды тапсырған жағдайда «Пән бойынша екі кешенді емтихан тапсыру туралы аттестаттау комиссиясының отырысы» хаттамасы жүргізіледі (2-қосымша) аттестаттау комиссиясының хатшысы бітіртуші кафедраның аға лаборанты қатарынан толтырады.


АҚ отырыстарының хаттамалары әрбір түлекке жеке жүргізіледі.

37. Академияның оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі академияның мұрағатына тапсыру және сақтау үшін АҚ отырысының хаттамаларын қалыптастырады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 12-19

8. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаларды (шығармашылық жобаларды) қорғау тәртібі

38. Дипломдық жұмыстарды, дипломдық жобаларды қорғау дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны және қорғау рәсімін жазуды қамтиды. Сонымен қатар, дипломдық жұмыс, дипломдық жобалар түлектің аналитикалық және зерттеу қабілеттерін анықтауға және бағалауға бағытталған.
39. Дипломдық жұмыстарды, дипломдық жобаларды кафедра плагиат тұрғысынан тексереді.
40. Білім алушылардың теориялық дайындығының, оқу жетістіктерінің, талдау және зерттеу, шығармашылық қабілеттерінің деңгейіне сәйкес Академия оларға қорытынды аттестаттау нысандарын (көрсетілім, көрмелер, спектакльдер, орындаушылық және т.б.) айқындайды.
41. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны қорғау қорытынды аттестаттау комиссиясының ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде жартысының қатысуымен өткізіледі.
42. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны қорғау білім алушылардың, бітіртуші кафедра оқытушыларының қатысуымен көпшілік түрінде ұйымдастырылады. Қорғауға ғылыми жетекші, дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар шақырылуы мүмкін.
43. Бір дипломдық жұмысты қорғау ұзақтығы, әдетте, бір студентке 50 минуттан аспауы керек.
44. Дипломдық жұмысты қорғау үшін студент аттестаттау комиссиясының және қатысушылардың алдында 15 минуттан артық емес баяндама жасайды.
45. Дипломдық жұмыстарды, дипломдық жобаларды талқылауға барлық қатысушылар сұрақтар немесе баяндамалар түрінде қатыса алады.
46. Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікірді (қатысқан жағдайда ғылыми жетекшінің өзі сөз сөйлей алады) және рецензияны оқиды. Пікірде және/немесе рецензияда ескертулер болған жағдайда студент олардың мәні бойынша дәлелді түсініктеме беруі тиіс.
47. Дипломдық жұмыстарды, дипломдық жобаларды қорғау нәтижелері бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады. Бұл ретте теориялық, ғылыми және практикалық даярлық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі және рецензенттің бағасы назарға алынады.
48. Кешенді емтихандарды бағалау, дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны қорғау туралы, сондай-ақ дәреже беру немесе біліктілік беру және өзіндік үлгідегі диплом беру (үздік емес, үздік) туралы шешімдерді АҚ жабық отырысында отырысқа қатысқан АҚ мүшелерінің жай көпшілік

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 13-19

диплом беру (үздік емес, үздік) туралы шешімдерді АК жабық отырысында отырысқа қатысқан АК мүшелерінің жай көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

49. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыға "бакалавр" дәрежесі беріледі және тиісті біліктілік беріледі және дипломға (транскрипт) және (немесе) жалпыеуропалық қосымшасы (Diploma Supplement (диплом саплэмент) бар жоғары білім туралы диплом тегін беріледі.

50. Транскрипте барлық оқу пәндері, Кәсіптік практикалардың түрлері бойынша білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша және олардың кредит пен академиялық сағаттардағы көлемі көрсетіле отырып, соңғы бағалар көрсетіледі.

51. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша емтихандарды А,А- «үздік», В-, В, В+ ,С+ «жақсы» бағаларымен тапсырған және барлық оқу кезеңінде үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5 - тен төмен емес, сондай-ақ барлық кешенді емтихандарды тапсырған немесе дипломдық жұмысты (жобаны) А, А – «үздік» бағаларымен қорғаған білім алушыға үздік диплом беріледі (оқудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда).

52. Оқудың барлық кезеңі ішінде емтихандарды қайта тапсырған немесе қайта тапсырған білім алушы үздік диплом алмайды.

53. АК жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы бір ай мерзімде академияның Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланып, бекітілетін бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттау туралы есеп жазады.


54. Қорытынды аттестаттау нәтижелерінің негізінде "бакалавр" дәрежесін бере отырып немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік бере отырып, жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыларды шығару туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

55. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын бітірген академия түлектерінің тізімі, олардың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), мамандықтары немесе білім беру бағдарламалары және білім беру ұйымының басшысы қол қойған берілген дипломдардың нөмірлері көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

56. Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған білім алушы ректордың бұйрығымен академиядан шығарылады.

9. Қорытынды аттестаттаудан өтпегендер

57. Дәлелді себеппен қорытынды аттестаттауға келмеген білім алушы АК төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны АК отырысының басқа күні қорғайды.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 14-19

58. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы АҚ-ға ұсынылған құжаттар қаралмайды.

59. Оң бағаны көтеру мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жобаның дипломдық жұмысын қорғауға жол берілмейді.

60. «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған адамдарға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ жұмысты, дипломдық жобаны қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді және академиядан шығарылады.

61. Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны қорғау кезінде егер егер дипломдық жұмыс қанағаттанарлықсыз деп танылса, АҚ академияның академиялық күнтізбесінде көрсетілген мерзімдерде ақылы негізде келесі жылға осы жұмысты (жобаны) пысықтаумен немесе жаңа тақырыппен жұмысты (жобаларды) әзірлеу арқылы қорғауға қайта ұсыну мүмкіндігін белгілейді. АҚ-ның бұл шешімі отырыстың хаттамасына жазылады.

62. Студенттің өтініші бойынша ректордың атына студентке дипломдық жұмыстың (жобаның) жетекшісі тағайындалуы мүмкін, ол консультациялар кестесін жасайды.

63. Басшының жұмысына ақы төлеу сағаттық негізде жүргізіледі және студенттің жеке қаражатынан төленеді. Төлемді есептеуді тіркеушілер кеңсесі кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша жүзеге асырады.

64. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген адам келесі оқу жылында қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей қорытынды аттестаттауға жіберу туралы Академия ректорының атына өтініш жазады.

65. Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу Академия Ректорының бұйрығымен ресімделеді.

66. Білім алушыны қайта қорытынды аттестаттау ол өткен қорытынды аттестаттауға қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана жүргізіледі.

Осы емтихандарды тапсырмаған адамдар үшін кешенді емтихандарға шығарылатын пәндердің тізбесі теориялық курсты бітірген жылы қолданыста болған оқу жоспарымен айқындалады.

10. Апелляция

67. Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушы апелляцияны ол өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

68. Апелляцияны өткізу үшін ректордың бұйрығымен бекітілген білім беру бағдарламасына (бейініне) сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.18-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 15-19

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Халықов Қ.З.
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор		Ергәбек Ш.Қ.
Оқу-әдістемелік қызметтің басшысы		Джумадилова Ж.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сейтбекова Г.Д.
Ішкі сапаны камтамасыз ету және мониторинг қызметінің басшысы		Маткерим Д.А.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.18-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 16-19

Қосымша 1

Бітірушілердің жұмысын қарау жөніндегі аттестаттау комиссиясы отырысының
№ _____ ХАТТАМАСЫ

20 ж. « _____ » _____ сағ. _____ минуттан _____ сағ. _____ минутке дейін

Студент _____

(аты-жөні, тегі) _____

(шифр, мамандық, мамандандыру) _____

_____ бойынша

тақырыбында жазылған дипломдық жұмыстың (жазбаша), дипломдық жобаның (шығармашылық жоба)
қаралуы

Қатыскандар:

АК төрағасы: _____

Комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

Дипломдық жұмыстың (жазбаша), дипломдық жобаның (шығармашылық жобаның) қаралуы

_____ (аты-жөні, тегі, академиялық дәрежесі)

жетекшісінің басшылығымен орындалды.

Рецензенттің _____

(аты-жөні, тегі, академиялық дәрежесі, қызметі)

_____ пікірі.

Аттестаттау комиссиясында келесі мәліметтер қаралды:

1. Дипломдық жұмыстың (жазбаша), дипломдық жоба (шығармашылық жоба) бойынша есептік-түсіндірме жазба немесе дипломдық жұмыстың (жобаның) _____ бетте жазылған мәтіні;
2. Дипломдық жұмысқа (жазбаша), дипломдық жобаға (шығармашылық жоба) арналған _____ беттегі сызбалар, таблицалар.
3. Дипломдық жұмыстың (жазбаша), дипломдық жобаның (шығармашылық жобаның) жетекшісінің пікірі және қорытындысы

(«қорғауға жіберілді» деп көрсету керек)

Орындалған жұмысты хабарлағаннан кейін студентке _____ мин. ішінде келесі сұрақтар қойылды:

1. _____ (сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы) _____ (сұрақ)
2. _____ (сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы) _____ (сұрақ)
3. _____ (сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы) _____ (сұрақ)
4. _____ (сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы) _____ (сұрақ)
5. _____ (сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

Студенттің пікір мен қойылған сұрақтарға жауабының жалпы сипаттамасы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.18-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 17-19

Дипломдық жұмысты (жазбаша), дипломдық жобаны (шығармашылық жоба) қорғау барысында студент

_____ (аты-жөні, тегі)

_____ көрсетті.

(жалпы және арнайы даярлау бойынша қандай білім деңгейі)

Студент дипломдық жұмысты (жазбаша), дипломдық жобаны (шығармашылық жоба) орындап, _____ бағамен қорғады

деп есептеу. _____

(әріптік рейтингтік балдык бағалау жүйесі)

Студентке _____

мамандық/ББ бойынша біліктілігі _____

(код және мамандық/ББ атауы)

_____ «бакалавр» академиялық дәрежесі тағайындалсын.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері

Жоғары білім туралы диплом беру _____

Диплом (беру үздік, үздік емес)

Төраға:

Комиссия мүшелері:

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы:



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.18-2023

30.11.2023 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 18-19

Қосымша 2

ББ немесе пән бойынша кешенді емтиханды тапсыру туралы аттестаттау комиссиясы отырысының № _____

ХАТТАМАСЫ

(әр білім алушыға толтырылады)

20 ж. « _____ » _____ сағ. _____ минуттан _____ сағ. _____ минутке дейін

Қатысқандар:

АК төрағасы: _____

Комиссия мүшелері:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

_____ (пән атауы)

Емтихан тапсырушы _____ (аты-жөні)

_____ (шифр, білім беру бағдарламасы)

Сұрақтар:

1. _____
2. _____
3. _____

1. Студент екі кешендік емтиханды _____ бағасымен тапсырды
(әріптік рейтингтік балдық бағалау жүйесі)

2. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері

Төраға:

Комиссия мүшелері:

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)


_____ (қолы)

_____ (қолы)







_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.18-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 19-19

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Қолы	Т.А.Ә.
Театр өнері факультетінің деканы		Кульсеитова М.А.
Өнертану факультетінің деканы		Жақсылықова М.Б.
Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Байділда Б.Н.
Кино және ТД факультетінің деканы		Бакеева М.Қ.
Хореография факультетінің деканы		Габбасова Г.Н.
Музыкалық өнер факультетінің деканы		Касимова З.М.
Компьютерлік технологиялар каф. меңгерушісі		Сатыбалдиева Ф.А.
Арт - менеджмент және продюсерлеу каф. меңгерушісі		Молдашева А.К.